БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 191 (9253) | 1953 жылғы 22 сентябрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын

СОВЕТ—КОРЕЙ МАЗМҰНДАМАСЫ

Совет Үкметі мен Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкмет Делегациясының арасындағы келіссөздер туралы

11—19 сентябрьде, Москвада, Совет Үкметі мен Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкмет Делегациясының арасында келіссөздер жүргізілді.

Совет жағынан келіссөздерге:

ССРО Министрлер Советінің Председатели Г. М. Маленков, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин, ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және ССРО Сауда Министрі А. И. Микоян, ССРО Министрлер Советінің Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председатели М. З. Сабуров, Сыртқы Сауда Министрінің орынбасары С. А. Борисов, ССРО-ның КХДР-дағы Төтенше және Полномочиели Елшісі С. И. Суздалев, ССРО-ның КХДР-дағы Сауда Өкілі П. И. Сакун қатысты.

Корей жағынан келіссөздерге:

КХДР Министрлер Кабинетінің Председатели Ким Ир Сен, Кореяның Еңбек Партиясының Орталық Комитеті Председателінің Орынбасары Пак Ден Ай, КХДР Министрлер Кабинеті Председателінің Орынбасары Тен Ир Лен, КХДР Сыртқы Істер Министрі Нам Ир, КХДР Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының Председатели Тен Дюн Тхяк, Темір жолдар Министрі Ким Хэ Иль, КХДР-дің ССРО-дағы Төтенше және Полномочиели Елшісі Лин Хэ қатысты.

Келіссөздерге Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Чжан Вэнь-тянь де қатысты.

Келіссөздердің барысында Совет Одағы мен Корей-Халық-Демократиялық Республикасының арасындағы достық қатынастарды онан әрі күшейтіп, нығайтудың екі жақтың мүдделі мәселелерін, сол сияқты, Кореядағы істерді бейбіт жолмен реттеуге байланысты мәселелер талқыға салынды. ССРО мен КХДР-дің арасындағы достық пен ынтымақтың қалыптасқан қатынастары екі елдің халықтарының мүдделеріне сай келеді және Қиыр Шығыста бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту ісіне қызмет етеді, деп екі жақ өзара толық түсіністі.

Екіжақ бірауыздан мынадай пікірге келді: Кореяда уақытша бітім жасалуы Кореяның ұлттық бірігуі және Кореяның мемлекеттік құрылысы мәселелерін корей халқының өзінің шешуіне мүмкіндік берілуі негізінде Корея мәселесін бейбіт жолмен реттейтін жағдайлар туғызыды. ССРО Үкметі мен КХДР Үкметі осы мақсат үшін барлық мүдделі мемлекеттермен бірлесіп іс істеуге әзірліктерін білдірді.

Соғыс кезінде өзінің тәуелсіздігі мен бостандығы жолында көп құрбандық берген корей халқына ССРО тарапынан экономикалық көмек мәселелеріне айырықша көңіл бөлінді.

Келіссөздерде КХДР-дің соғыста бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру мұқтаждарына әрнай ССРО Үкметі қайтарып алмайтын болып, бір жолата бөлген бір миллиард сомды пайдалануға қатысы бар мәселелер талқыланды.

Бұл қаражат Ялуцзян өзеніндегі Супун ірі су электр станциясын қалпына келтіруге, қара металл мен түсті металл заводтарын, оның ішінде, Чондиндегі және Кимчактағы металлургия заводтары, Нампходағы түсті металдар заводы; химия және цемент өнеркәсіп заводтарын, олардың ішінде ауыл шаруашылығының қажеттерін өтейтін Хыннамдағы минералды тыңайтқыштар заводы, Сынхоридегі цемент заводы сияқты ірі кәсіпорындары қалпына келтіріледі және жаңадан салуға; тоқыма және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарын, соның ішінде ірі тоқыма комбинатын, жібек иіру, тоқыма фабрикасын, ет комбинатын, балық-консерві заводтарын салуға пайдаланылатын болып келісілді.

Кәсіпорындарын қалпына келтіруге және жаңадан салуға көмек көрсету Совет Одағы тарапынан мына жұмыстар арқылы жүргізіледі: Совет ұйымдары жоба жасау жұмыстарын атқарады, құрал-жабдықтар мен металдар жеткізеді, қалпына келтіру және құрылыс кезінде техникалық көмек көрсетіп отырады және жоғарыда айтылған кәсіпорындардың өнім шығаруын ұйымдастыру үшін лицензиялар мен техникалық документацияларды тапсырады, сол сияқты, ол кәсіпорындар үшін ұлттық корей кадрларын даярлап отырады.

Жүргізілген келіссөздер кезінде, мұнымен бірге, Совет Одағынан темір жол транспортымен байланысты қалпына келтіру үшін құрал-жабдықтар мен материалдар және ауыл шаруашылығын өркендетуде маңызы зор болып отырған ауылшаруашылық машиналарын, құралдарын, тыңайтқыштар, асыл тұқымды мал, жылқы, сол сияқты, балық аулау кемелерін, машиналарын, пәтер үй-коммуналдық шаруашылықты, ауруханаларды, оқу орындарын қалпына келтіру үшін құрал-жабдық пен материалдар жеткізу туралы келісілді.

КХДР халқы үшін Совет Одағынан халық тұтынатын тауарлар жеткізілуі де көзделді.

КХДР-дің халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі шұғыл міндеттерді орындаумен байланысты көп қаражат жұмсалмай қоймайтынын есепке ала отырып, Совет Үкметі КХДР Үкметінің Совет Одағынан бұрын алған барлық қарыздарын төлеу мерзімін кейінге қалдырды және ол қарыздарды өтеудің бұрынғыдан гөрі жеңіл жаңа шарттарын белгіледі.

Келіссөздер шын ниеттеліп және ССРО мен КХДР арасындағы достық қатынастарды онан әрі нығайта берудің маңызы толық түсінушілік жағдайында өтті.

Г. М. МАЛЕНКОВ Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкмет Делегациясының

ССРО Министрлер Советінің Председатели Г. М. МАЛЕНКОВТЫҢ 1953 жылғы 19 сентябрьде Кремльде болған қонақасыда сөйлеген сөзі

Аса құрметті Премьер- министр, Корей Халық -Демократиялық Үкмет Делегациясының аса құрметті мүшелері!

Осында, Москвада, Сіздерді және сіздер арқылы өздерінің туған жерін интервенттердің қол сұғушынан қорғап қалған қаһарман корей халқын құттықтауға рұхсат етіңіздер. Бүкіл прогрессшіл адамзатпен бірге совет адамдары корей халқына шын достық сезімін білдіреді.

Бүгінгі күні корей деген сөз ұлттық рухтың ұлылығы мен беріктігінің бейнесіне, Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі ісіне жанаямай нәгілікті қызмет етудің бейнесіне айналды.

Данқты корей халқы азаттық күресінің тарихына жаңа тамаша бет қосты. Ал, тарихтың бұл беті елдің тағдырын өз қолына алған халықты қайыстыра алатындай күш дүние жүзінде жоқ деп үйретеді.

Корей патриоттарының жеңіске деген ынта- жігеріне, олардың батырлығы мен ерлігіне нәр берген екі бұлақ: өз ісінің мейлінше әділеттілігін сезіп білгендік және бүкіл прогрессшіл адамзаттың корей халқымен бұрын соңды болып көрмеген ынтымақтастығы болды.

Қытай халық еріктілерінің мәңгі өшпес ерлік істері Азия халықтарының арасындағы мызғымас байланыстардың дәлелі болды. Мұның өзі Шығыста туған жаңа заманның сипатты белгісі, Азия халықтарының ұлттық бостандық пен тәуелсіздік алып, оны қорғауға бел байлағандығының, Азияның дүние жүзілік жаңа соғыс ошағына айналуына жол бермеуге бел байлағандығының сипатты белгісі.

Шығыста бейбітшілік ісін қорғап қалған және дүниежүзілік жаңа соғыс ашуға тырысушы агрессорлардың әдеуір дәрежеде желігін басқан корей халқы мен қытай халық еріктілерінің сінірген тәрихи еңбегін бейбітшілік сүйгіш халықтар алтыс пен бағалап отыр. Өздерінің Корея даласындағы қаһармандық күресімен даңқты корей және қытай патриоттары Азия халықтары мен Тынық мұхит бассейнінің ұлттық бостандық пен тәуелсіздік жолындағы прогрессшіл қозғалысын басып, жаншуға бағытталған реакцияшыл күштердің көп нәрсе күтетін жоспарларына есеңгірете соққы берді.

Шет ел күштерінің халықтарды қаратұнек езушілігі және құл етуі еншісіне тиген ескі Азияның келмеске кетіп бара жатқан даусыз фактісімен агрессияшыл топтардың саясатын нәтиі жоқ, олар біздің заманымыздың ең маңызды белгілерінің бірі болып табылатын және бүкіл кәзіргі цивилизацияның онан әрі өрлеуіне рұқтандырушы перспектива ашып отырған Шығыс халықтарының қайта гүлденуінің ұлы процесін тоқтатпақшы, іске асырмай қоймақшы.

Бұдан 175 жылдан астам уақыт бұрын Солтүстік Америкада 13 отардың өздерінің отарлық тәуелсіздігін жойып, америка Құрама Штаттарын құруды ұйғарып, қабылдаған қарарын тарихи прогресс ісі болмады деп айтуға ауызы баратын американды біздің заманымызда табуға бола ма? Тәуелсіздік декларациясы «халықтың хауіпсіздігі мен бақытын жүзеге асыру үшін неғұрлым қолайлы деп таныйтын» принциптерді және сондай формада халықтың үкмет құру правосын айқын ақиқат ретінде жариялағандықтан, бұл декларацияның жалпы сипаты бар- мыс деп айтатын американды біздің заманымызда табуға бола ма? Әрине табуға болмайды, ал, мұндай жағдайда, Американың ықпалды топтарының шығыс мемлекеттерінің ішкі істеріне өрескел араласатындығының, егер бұл мемлекеттердің халықтары Вашингтон саясатшыларына жатпайтын басқару формаларын қаласа, оларға қарсы блокада жасап, соғысқа арандататын себебі не?

Сірә, бұл арадағы американдарға 18-ғасырдың аяқ шенінде-ақ лайықты болған іс қытайларға, индиялықтарға, корейлерге, индонезиялықтарға тіпті 20-ғасырдың екінші жартысында да лайықты келмейді дейтін өте-мөте өзгеше философия қолданылатын болса керек. Бірақ, бұл — нәсілшілдіктің ескі ісіне түсінігі; бұл — халықтардың тарихи прогресі ісіне күрес жариялау саясатын жүргізу әрекеті. Ал, егер кейбір американ қайраткерлері бұл арада өздерін «ескі отаршылдық саясаттың» душпандарымыз деген жамылғымен бүркемелеп отырса, онда олардың жаңа отаршылдық саясаты экспансияның осы уақытқа дейін мәлім мысалдары-

өзі, әрине, корея мәселесін бейбіт жолмен түпкілікті реттеу және Азияда хауіпсіздікті нығайту талаптарына қайшы келеді.

Кореядағы уақытша бітім туралы келісім бойынша шақырылмақшы болған саяси конференцияның құрамы және жұмыс тәртібі туралы мәселе жөнінде Америка Құрама Штаттарының билеп- төстеуші топтарының позициясын бейбітшілік сүйгіш күштердің орынды айыптап отырғанын да қосу керек. Осы позицияның нәтижесінде Индия, сол сияқты, конференцияға қатысуы ешбір күмән тудырмайтын кейбір басқа шығыс мемлекеттері де конференциядан тыс қалып отыр.

Осының бәрі Кореяда қол жеткен уақытша бітімді баянды етуге және корея мәселесін бейбіт жолмен түпкілікті реттеуге, онан әрі табан басуға АҚШ-тың билеп төстеуші топтарының ұмтылып отырғандығын әсте көрсетпейді.

Барлық бейбітшілік сүйгіш күштерге онан бетер үлкен жауапкерлік жүктеледі. Олар Кореяда уақытша бітімді бүкіл дүние жүзінде, оның ішінде Шығыста да, халықаралық шиеленісушілікті онық әрі бәсендетуге бағытталған жаңа қиямылдардың негізіне айналдыра алады және айналдыруға тиіс.

Объективтік жағдайлар шығыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық күштерінің Азияны бейбітшілік қамалына айналдыруына мүмкіндік береді және бұл ізгі міндетті орындауда Азияның барлық халықтарының табысқа жетуін шын жүректен тілеу керек.

Осы объективтік жағдайлардың арасындағы өте маңыздысы —Қытай Халық Республикасының халықаралық салмағы мен саясаты болып табылады. Талай ондаған жылдар бойы империалистік топтардың қытайда үстемдік жүргізу жолындағы күресі Шығыста халықаралық қатынастардың айырықша шиеленісушілігін тудырып отырды. Кәзір Қытай Халық Республикасы Азияда және Тынық мұхит бассейнінде өте қуатты орнықтырушы фактор болып отыр. Сондықтан да агрессияшыл істердің шеберлері ызалануда, өйткені Қытай олардың ойынпығы және қанау объектісі болудан бір жолата қалды. Ол формальді жағынан тәна емес, іс жүзінде де суверенитетке ие болды. Ол халықаралық майданда статист ролін атқарып отырған жоқ қайта өзінің тәуелсіз, бейбіт саясатын жүргізіп отыр. Дүние жүзінде жаңа ұлы держава пайда болып, ол барлық бейбітшілік сүйгіш күштермен бірге бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайту мүдделерін қорғап отыр. Бұл, шынында, халықаралық тұрмыстың соңғы он жыл ішінде дамуының өте маңызды тарихи қорытындысы, өткен жолды тәна емес, болашақты да нұрландырып отырған қорытынды.

Мұның бер жағында кейбір топтар Қытай жөнінде агрессияшыл саясат жүргізіп отыр және Қытай Халық Республикасын оқшау қалдыруды жүзеге асыруға тырысуда. Әрине, кәзіргі халықаралық жағдай тұсында Қытай Халық Республикасын қайдағы бір «оқшау қалдыру» мүмкіндігінен қандай да болса үміттену тұрмыстан қол үзген және нақтылы нәрсені өзуден қалған адамдардың реакцияшыл қиялы тана болып табылады, одан басқа түк те емес.

Ақылға сыймайтын және тарихи болмай қоймайтын талаптарына қайшы келетін, халықтар арасында бейбітшілік орнатуға қатынасы бар маңызды мәселелерге кәзіргі уақытта ұлы Қытайдың қатысуынсыз шешуге болады-мыс дегенге сүйенетін саясатты архивке тапсыратын мезгіл жеткен жоқ па.

Бейбітшілік сүйгіш Совет Одағы мен бейбітшілік сүйгіш Қытай Халық Республикасының мызғымас достығы бейбітшіліктің мықты тірегі болып табылады. Міне, сондықтан бұл достықты халықтар арасында бейбітшілікті нығайтудың маңызылық жағынан бірінші дәрежелі шарттарының бірі деп санайтын барлық халықтар мұны тегіс құттықтап отыр.

Шығыста бейбітшілік және хауіпсіздікті нығайту ұранымен өркендей отырып, Азия мен Тынық мұхит бассейнінің барлық елдері өз арасында да, дүние жүзінің басқа аудандары мен де бейбіт экономикалық байланыстар орнату үшін айрықша мүмкіндік алған болар еді. Сонымен қатар мұның өзі Азия елдеріне көп мемлекеттердің таранынан конструкциялы және шын көмек көрсету туралы мәселені шешуге жаңаша қарау үшін керекті жағдайлар тұғыстан болар еді.

Құмбатты достар! Сіздер арқылы қаһарман корей халқына

құрметіне қонақасы берді

19 сентябрьде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкмет Делегациясының құрметіне Кремльде қонақасы берді.

Корей жағынан қонақасыда Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сен, Кореяның Еңбек Партиясының Орталық Комитеті Председателінің Орынбасары Пак Ден Ай, Министрлер Кабинеті Председателінің Орынбасары Тен Ир Лен, Сыртқы Істер Министрі Нам Ир, Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының Председателі Тен Дюн Тхяк, Темір жолдар Министрі Ким Хэ Иль, Мәдениет және насихат Министрі Хо Ден Сук, Ауыр өнеркәсіп Министрінің Орынбасары Ким Хен Кук, Байланыс Министрінің Орынбасары Сим Чон Тхэк, КХДР-діің ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Лим Хэ болды.

Қонақасыда Қытай Халық Республикасының Төтенше және Полномочиелі Елшісі Чжан Вэнь-тянь де болды.

Совет жағынан қонақасыда В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин, М. А. Суслов, П. К Пономаренко, И. Ф. Тевосян, С. Н. Круглов, А. Н. Косыгин, В. А. Малышев, С. М. Тихомиров, И. А. Бенедиктов, С. А. Акопов, П. А. Юдин, В. П. Зотов, М. А. Яснов, Совет Одағының Маршалы А. М. Василевский, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А. Громыко, ССРО Сыртқы Сауда Министрінің Орынбасары С. А. Борисов, ССРО-ның КХДР-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі С. П. Суздалев, Совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің Председателі Н. В. Попова, Авиация Маршалы П. Ф. Жигарев, Артиллерия Маршалы М. И. Неделин, Армия Генералы М. С. Малинин, Адмирал Н. Е. Басистый, ССРО-ның КХДР-дағы Сауда Өкілі И. И. Сакун, СОТА-ның жауапты жетекшісі Н. Г. Пальгунов, ССРО Жоспарлау Комитетінің күрделі жұмыстар Бөлімінің Бастығы П. С. Иванов, Сыртқы Істер Министрінің Қыйыр Шығыс Бөлімінің Меңгерушісі Н. Т. Федоренко, ССРО сыртқы Істер Министрлігінің Протокол Бөлімінің Меңгерушісі Д. А. Жуков, ССРО Сыртқы Сауда Министрінің Шығыс Басқармасы Бастығының орынбасары М. И. Сладковский болды.

Қонақасы жылы шырайлы, достық жағдайда өтті. Г. М. Маленков пен Ким Ир Сен сөз сөйледі.

Астықты өлшеп-тиейтін жаңа құрал

Явленка селосында тұрушы Потапов жұырда астық өлшеп, оны автомашинаға өзі тиейтін жаңа құрал ойлап шығарды. Образцовая МТС-де бұл астық өлшеп тиегішке сынау болып өтті. Комиссия бұл астық өлшеп- тиегішті колхоз өндірісіне енгізуге болатынын, оның астық дайындауда еңбек өнімділігін арттыруға зор мүмкіндік беретінін анықтады. Онымен сағатына 90—100 центнер астық өлшеп, автомашинаға тиейді. Астық өлшеп- тиегіш бірнеше күрделі бөлшектерден құралған. Астық өнімдімен астық өлшеп- тиегіштің бірінші жәшігіне түседі де, одан транспортер арқылы бункерге көтеріліп, өлшегіш жәшікке барады. Өлшенген астық екінші транспортердің көмегімен жәшіктің қырындағы тесік арқылы сырылып, машина жәшігіне тиеледі.

Сол сыяқты, астық тиеп- өлшегіш астық ұшырғыш немесе астық тазартқыш машиналарымен жұмыс істеуге де бейімді. Бұл жағдайда астық өлшеп- тиегіштің бірінші жәшігіндегі астық бірінші транспортердің көмегімен астық ұшырғыштың жәшігіне барып түседі.

Астық өлшеп- тиегіш өзінің құрылысы жағынан өте жабайы. Мұны жасап шығару онша қыйынға түспейді. Оның бөлшектерін 4 шебер 7-8 жұмыс күні ішінде толық дайындай алады.

Бұл аспан астық дайындау және мемлекетке астық тапсыруда еңбек өнімділігін арттыруда едәуір роль атқарады. Онда жұмыс істеу үшін небары үш-ақ адам керек. Оның біреуі астық өлшеп тұрады да, қалғандары астықтың өлшеніп тиелуін бақылайды. Жаңа астық өлшеп тиегіш көзір Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозының астық қырмандарында жұмысқа қосылды. Ол ойдағыдай нәтиже беруде.

Ленин ауданының көп колхоздары жаңа астық өлшеп- тиегішке ерекше назар аударуда. Көзір бірнеше шеберлер Потапов жолдаспен бірлесіп, астық өлшеп- тиегішті көптеп жасап шығара бастады. Ал, «Новый путь» колхозының ұста дукенінде оның темір бөлшектерін жасап шығаруға арнаулы көрік бөлінген.

Овощь өнімін арттыра береміз

Хочмасс ауданындағы Маленков атындағы колхоз —Азербайжандағы овощь өсіретін ірі шаруашылық. Ауылшаруашылық артелі мемлекетке овощь тапсыру жоспарын көзірдің өзінде едәуір асыра орындады, өнім жыйнау да қызу жүргізілуде.

Колхоз бұл табысқа алдыңғы катарлы агротехниканы кеңінен енгізу арқылы жетті. Звено бастықтары Мадатова және Мазанова көшеттерді ұяға терең отырғызу жөнінде инициатива бастады. Олар өз участокторінде бір гектар жерден 450 центнер томат, ал, сарымсақты 300 центнерден артық алды. Бригадир Сердюков помидорды жиі отырғызу, оның өнімділігін арттыратындығын тәжрибе жүзінде анықтады және көзір оның тәжрибесі барлық бригадаларда қолданылуда.

Колхозда помидорды тек қана ұяға отырғызу, көшетті шынықтыру және басқалары сыяқты жаңа әдістер енгізілген. Көшетті шынықтыру нәтижесінде помидордың жетіле басталуын 15—18 күнге тездетуге және өнім беру мерзімін ұзартуға мүмкіндік туды.

Овощь шаруашылығымен бірге мал шаруашылығы және колхоз өндірісінің басқа да салалары өркендеуде.

Қоғамдық шаруашылықтың өркендеуі колхоз кірісіне де әсерін тигізуде. Өткен жылы біз 3 миллион сомнан кіріс алдық, ал, быйыл алты миллион сомнан кем кіріс алмауды көзден отырмыз.

ССРО Жоғарғы Советінің Бесінші сессиясы алға қойған міндеттер бізге өз мүмкіншіліктерімізді жаңадан есептеуге деген ой тұрызды. Колхоз егіс алаңын кемітпей-ақ, овощь өндіруді екі есе арттыруды ұйғарды.

Анна КОПЕЙКО,

Азербайжан ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Хочмасс ауданындағы Маленков атындағы колхоздың председателі.

Сертіне берік механизаторлар

Преснов ауданындағы Баян МТС-нің № 10 трактор бригадасының мүшелері СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысымен жігерлене отырып, жер жұмыстауының жылдық өндірістік тапсырмаларын асыра орындауға міндеттенген еді.

Сертіне берік механизаторлар өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, ұйымшылдық пен табандылықтың тамаша үлгілерін көрсету нәтижесінде берген уәделерін аброймен орындауда. Бригада мүшелері А. Драйзе «С—60» тракторымен жоспар бойынша 1228 гектар орнына 1490 гектар, К. Төлеубаев 1406 гектар жер жұмыстады. Ал, Вальгер жолдас «СТЗ» тракторымен 590 гектар жер жұмыстап, бір центнерден аса жанар май үнемдеді. Мұндай жақсы көрсеткішке М. Ткачева жолдас та ие болды.

Көзір олар егін орағын қысқа мерзімде ойдағыдай аяқтау жолындағы күреске қызу қатысып, бұл игілікті істе белсенділік көрсетуде.

И. КАРПОВ.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сеннің 1953 жылы 19 сентябрьде Кремльде болған қонақасыда сөйлеген сөзі

Аса құрметті Председатель Маленков жолдас!

Қымбатты жолдастар!

Менің Корей Халық -Демократиялық Республикасының Үкмет Делегациясы атынан, Совет Үкметінің, совет халқының, Совет Одағының партия және үкмет басшыларының бізге көрсеткен достық меймандостығы үшін және атап айтқанда, делегацияның Москвада болған уақытында оған құрметті Георгий Максимилианович Маленковтың өзінің көрсеткен айрықша қамқорлығы үшін шын жүректен алғыс айтуыма рұхсат етіңіздер. Осының арқасында Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкмет Делегациясы достық жағдайда өзінің міндетін ойдағыдай орындады.

Ұлы Совет Одағы біздің халқымызды жапон империализмінің көп жылдардан бергі үстемдігінен азат етті. Солтүстік Кореяда халық үкметін орнату үшін барлық жағдайларды жасады, демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруды қамтамасыз етті және біздің елімздің жапон империалистері бұлдіріп кеткен халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету ісінде біздің халқымызға зор материалдық және техникалық көмек көрсетіп отырды.

Корей Халық -Демократиялық Республикасы мен Совет Одағының арасында 1949 жылы жасалған, экономикалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісім бойынша Совет Одағының корей халқына көрсеткен барлық жан-жақты көмегінің оған деген барлық совет адамдарының шын жүректен шыққан достық сезімдерін білдіруге рұхсат етіңіздер. Біздің халықтарымыз арасындағы достық біздің елдеріміздің суверенитеті мен тәуелсіздігін өзара қадірлеудің берік негізінде, бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайту ісіне қызмет етуге өзара әзірлік негізінде құрылған. Мұның мәнісі—бұл достықты онан әрі нығайтуға және күшейтуге барлық негіздер бар деген сөз.

Совет Одағының халықтары корей халқының ұлы қытай халқымен де мызғымас достық байланысы бар екеніне қуанады.

Қытай халқының қаһарман ұлдары бұл достықтың салтанат құруы үшін, корей халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін Корея жерінде төккен қанымен бекітті. Қытай мен корея халықтарының дамқты достығы мәңгі жасап, ғасырлар бойы гүлдене берсін.

Корей Халық -Демократиялық Республикасы өзінің ұлттық бірлігін қалпына келтіруге, бейбітшілік пен прогреске ұмтылып отырған корей халқының ең жақсы үміттерін жүзеге асыруда.

Ең таяудағы болашақта Корей Халық -Демократиялық Республикасы елдің экономикасы мен мәдениетін қалпына келтіру және онан әрі дамыту ісінде, өз халқының әл-ауқатын арттыруда ірі табыстарға жететіндігіне күмән жоқ.

Совет Одағы Корей Халық -Демократиялық республикасының интерверттер түсірген жарақаттарын жазуына барынша көмектеседі.

Корей Халық -Демократиялық Республикасының халық бұқарасы интервенттерге қарсы ауыр ұрыстарда бүкіл дүние жүзінің алдында өзінің аса зор ұйымшылдығы мен бірлігін көрсетті, бұл ұйымшылдық пен бірліктің негізі — еңбекші корей халқының тарихи жеңісі —жұмысшы табының шаруалар мен одағы болды. Біздің корей бауырларымыз бұл қасиетті одақты бұдан былай да көздің қарашығындай сақтап, оны барынша нығайтуға үздіксіз қамқорлық істеп отыратын болсын.

Таң шапағының елі деп аталатын Кореяның көп ұзамай толық бейбітшілікке ие болатындығына және барлық жағынан бірдей өрлеу жолына түсетіндігіне сенім білдіруге рұхсат етіңіздер.

Мен Совет Одағы мен Кореяның арасындағы мызғымас достық үшін, қаһарман корей халқы үшін, корея мәселесін бейбіт жолмен тұнкілікті реттеу және корей халқының ұлттық бірлігін қалпына келтіру үшін, Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкметі үшін және, премьер-министр жолдас, Сіздің денсаулығыңыз үшін тост көтеремін.

Елімізді демократиялық жолмен онан әрі дамытуда шешуші маңызы болды.

Совет Одағының қалтқысыз көмегінің және Солтүстік Кореяның азат етілуінен кейін біздің халқымыздың жанаямай еңбек етуінің арқасында халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесі тез артты, біздің Отанымызды бейбіт жолмен біріктіру үшін қуатты демократиялық негіз салынды.

Американ империалистерінің және олардың Ли Сын Ман тобындағы малайларының біздің республикамызға қарулы шабуыл жасауы біздің халқымыздың ішінде агрессорларға деген бүкіл халықтық ашу-ыза мен өшпенділік тұлырды. Өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күреске және халықтық демократиялық құрылысты қорғауға қолына қару алып, біркісідей тегіс аттанған біздің халқымыз Қытай Халық еріктілерімен бірге бұрын- соңды болып көрмеген қаһармандық көрсетті.

Қытай халқының Халықтық- демократия елдерінің, ұлы совет халқы бастаған бүкіл демократия мен социализм лагерінің туысқандық көмегі мен қолдауы арқасында корей халқы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, американ империалистерінің елімізді құл етуді көздеген агрессиялық жоспарларын іске асыртпады және оларды уақытша бітім туралы келісімге қол қоюға мәжбүр етті,

(Соңы 2-бетте).

ның бәрінен анағұрлым асып түседі, бұл саясаттың агрессиялық сипаты бар және ол дүние жүзін Америка Құрама Штаттарының пайдасына түбірімен қайта бөлуге бағытталған деп мойындауға тура келеді.

Тарихты кідіртпіс келгендердің, халықтардың прогресс жолымен ілгері басуын тоқтатқысы келгендердің, адамзат болашағына оның кешегі күнін таңғысы келгендердің әмірі бойынша тарихтың дамымайтындығын түсінетін мезгіл жеткен еді. Дүниежүзінде не болып жатқандығы жөнінде өздеріне есеп бермейтін адамдар ғана Шығыс елдеріндегі өздерінің сыртқы саясатын ең артта қалғандық, сатылғыштық, іріп-шіріген нәрсенің бәрін бейнелейтін адамдар мен топтардың ғана қолдауына өзін тірей алады. Шығыстағы жағдайды қасақана шиеленістіруге біле тұра ұмтылатын адамдар ғана ұлы қытай халқын өзімсітуге жол бере алады және чанкайши тобы сыяқты, халыққа қарсы жексұрын тастандыларға сүйенуге бағыт ұстай алады.

Мұндай саясат —болжамсыз саясат. Өйткені, Азия мен Тынық мұхит бассейнінде болған және бұл ауданды мекендейтін бір миллиардтан астам адамның соғыстан кейінгі тұрмысына әсерін тигізіп отырған түбірлі өзгерістерді елемеуге болмайды.

Кореяда уақытша бітім жасалуы, сөз жоқ, агрессия және халық аралық авантюра күштеріне қарсы барлық бейбітшілік сүйгіш күштердің күресінің өте маңызды бір белесі болып табылады. Бұл жағдай, егер ұстамдылық пен қажырлылық көрсеткен күнде де бейбітшілік сүйгіш күштердің шиеленіскен халықаралық мәселелерді тиісті дәрежеде шеше алатындығын айқын көрсетті.

Алайда, агрессияшыл күштердің шығыстағы тіміскілеген жаңа әрекеттеріне көңіл бөлмей қалдыру кешіргісіз болар еді. Бұл тіміскілеген әрекеттердің мақсаты —Кореяда уақытша бітімді болдырмау Азияда және Тынық мұхит бассейнінде жағдайды шиеленістіру екені өбден айқын.

Жақында АҚШ-тың мемлекеттік секретары мен Ли Сын Манның договор жасасқандығы мәлім. Бұл договор Америка Құрама Штаттарының «Корея республикасының жерінде немесе оған жақын жерде» өзінің құрғақтағы, соғыс -теңіз және әуе соғысы күштерін орналастыруға «белгісіз уақытқа» право алуын көздейді. Басқаша айтқанда, егер бұл уақытқа дейін Оңтүстік Корея жерінде американ қарулы күштерінің болуы соғыспен дәлелденген болса, енді ол өзара хауіпсіздік туралы договор дейтінмен дәлелденбекші. Ал, істің мәні өзгеріссіз қалып отыр: Оңтүстік Кореяны бұдан былай да АҚШ-тың соғыс тірегі жағдайында қалдырмақшы болып отыр, мұның

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сеннің 1953 жылы 19 сентябрьде Кремльде болған қонақасыда сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мұны жұрттың корей және қытай халықтарының жеңісі тана емес, сонымен бірге, бүкіл бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің жеңісі болып табылады деп санауы өбден әділетті.

Бүкіл дүние жүзінің демократиялық күштеріне бас болған Совет Одағы біздің Отанымыз үшін ең қиын кезеңде корей халқына зор көмек көрсетіп, оны қолдай отырып, оның заңды праволарын мен мүддесін халықаралық майданда қорғай отырып, біздің халқымыздың әділетті ісі үшін жанаямай күресуге рухтандырып отырды және біздің халқымыздың жеңіске жету сенімін нығайтып отырды. Мұның өзі біздің халқымыздың жеңіп шығуының шешуші шарттарының бірі болды.

Бүгінгі күні біздің халқымыздың алдында тұрған өте маңызды шұғыл міндеттер соғыста бүлінген халық шаруашылығын тез қалпына келтіру және өркендету, біздің халқымыздың материалдық әл- ауқатын жолға салу және оны арттыру, өз Отанымызды бейбіт жолмен біріктіру үшін материалдық негізді онан әрі нығайта беру болып табылады. Бұл міндеттер, әрине, үлкен және қиын.

Кореяның Еңбек партиясының басшылығымен және ұлы Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, халықтық демократия елдерінің туысқандық көмегімен, корей халқы барлық қиындықтар мен кедергілерді жоя отырып, қандай да болса ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте қандай жеңіске жеткен болса, бұл міндеттерді сондай табыспен орындайтынына күмән жоқ.

КХДР мен Совет Үкметтерінің арасында Москвада бұдағыдай жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде корей халқы біздің экономикамыздың тұрмыстық негізі болып табылатын өнеркәсіп орындарын қалпына келтіруде және жаңадан салуда Совет Одағынан құрал- жабдықпен көмек алады, сол сияқты, біздің елімізге ауыл шаруашылығы мен мәдениетті онан әрі өркендетуде маңызды роль атқаратын көмек алады.

Бұл көмек те корей және совет халықтарының арасындағы достықты нығайтады, біздің елімізде жұмысшылар мен шаруалар одағын нығайтады, корея мәселесін бейбіт жолмен реттеу, біздің Отанымызды бейбіт жолмен біріктіруге жету және Азияда бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне жаңа үлес қосады.

Бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті және адамзаттың сәулетті болашағын қамтамасыз ету үшін Совет Одағында коммунизм құрылысы ісінде Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясының басшылығымен совет халқының жеткен ұлы табыстарына біздің халқымыз бүкіл прогрессіл адамзатпен бірге шексіз қуанады. Біздің халқымыз совет халқына бұдан былай да үздіксіз табыстарға жете беруді шын тілейді.

Менің сізді өте- мөте қадірлейтініме сенім білдіруіме және Совет Одағының Коммунистік партиясына, Совет Үкметіне, совет халқына тағы да шын жүректен ықылас білдіруіме рұхсат етіңіздер.

Қадірлі Маленков жолдас, Сіздің денініз сау болуын тілеймін және менің осы тостыны Сіздің денсаулығыңыз үшін көтеруіме рұхсат етіңіз.

Барлық күш-мүмкіншілік социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі күшті қарқынмен өркендетуге жұмсалсын

☆ ☆ ☆

Жаңа табыстарға жете береміз

Біздің Қызылы совхозының коллективі шаруашылық жұмыстарды ұйымшылдықпен жүргізе отырып, үстіміздегі жылы кейбір табыстарға жетті. Биыл совхозда 11.526 гектар дәнді, техникалық және жемшөптік дақылдар егілген-ді. Егін жыйнау 12 жұмыс күні ішінде толық аяқталды. Дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 12 центнерден өнім алынды. Мемлекетке жоспар бойынша 43 мың центнер астық тапсырудың орнына, 55 мың центнер астық тапсырылды. Совхоз коллективі тағы да мемлекетке бұдан тыс 5 мың центнер астық тапсыруды ұйғарып, бұл жұмысты қызу жүргізуде. Келесі жылдың егістері үшін 19 мың центнер жоғары сортты тұқым құйылды. Бұл — алдағы жылы егетін егістерімізге тұқым толық жетеді деген сөз.

Мал басын өсірудің жылдық жоспары жылқыдан, қарамалдан, қой өсіруден толық орындалды. Мемлекетке 3000 центнер ет, 35 центнер жүн, 1000 центнер ет тапсырдық. Әлі де 300 центнер ет тапсырмақпыз. Совхоз бойынша шөп шабу жоспары 105 процент орындалды. Мал азығы үшін 40 мың центнер сабан мен топан дайындалып, 11 мың центнер шөп сурленді. Дайындалған шөп пен сабан-топанды мал қоралары жанына тасып, үю қызу жүргізілуде. Сол сияқты, мал азығы-

«ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына тағыдағы екі-үш жыл ішінде еліміздің халқының азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен молынан қамтамасыз ету міндетін қойды. Совхоз коллективі осы жауапты міндетті жүзеге асыру үшін өздерінің күш -мүмкіншіліктерін есептей отырып, шаруашылықтың барлық саласын онан әрі өркендету мақсатын көздеген бірқатар шараларды белгілеп отыр.

Егіншілік мәдениетін арттыруда мол және сапалы жыртылған зябь зор роль атқарады. Сондықтан біз бұл жөніндегі жоспарды 10 октябрьге дейін толық орындауды ұйғардық. Бұған бізде мүмкіншілік жеткілікті де. Кезір, зябь жыртуда 16 шынжыр табанды трактор жұмыс істейді. Пленум қаулысымен жігерленген трактористер зябь жыртуда сменалық және бес күндік тапсырмаларын 1,5—2 есе асыра орындап жүр. Зябьтің агротехникалық ережеге сай, терең және жалқалдырылмай жыртылуын совхоз агрономдары күнбе-күн қадағалап, бақылап отырады.

Өткен жылдары дәнді дақылдарды тарқатарлы және тоғыспалы әдіспен себу сияқты озат агротехникалық әдістер біз-

қамтамасыз етеді. Сол сияқты егістік жерлерге органикалық және минералдық тыңайтқыштар енгіземіз.

Совхозда бұған дейін картоп пен овощь өте аз егіліп келді. Соның өзінде бұл егістің агротехникалық ережелерін дұрыс сақтамау орын алып отырды. Осының салдарынан картоп пен овощь өнімдері аз жыйналып жүрді. Колхоздар мен совхоздарда болып келген мұндай кемшіліктер Пленум қаулысында өте орынды сыналған. Алдағы жылы картоп пен овощь егістерінің көлемін ұлғайтумен бірге, олардың өнімін арттыру шараларын осы бастан қарастырудамыз.

Жоғарыда мал шаруашылығындағы кейбір табыстарымызды айттым. Дегенмен, мал басын барлық түлік бойынша көбейту жөнінде совхоз әлі де болса олқылықта отыр. Мысалы совхоз бойынша шошқа өсіру жоспары жыл сайын орындалмай келеді. Құс өсіру жөнінде де жоспар орындалған емес. Малдың тұқымын асылдандыру жайы қанағаттанғысыз болып келді. Осының бәрі мал шаруашылығы өнімдерінің кем болуына әкелін соғып жүр. Совхоз коллективі бұл кемшіліктерді шұғыл жою шараларын белгіледі.

Совхоз коллективі ғылымның табыстарын егіншілік пен мал шаруашылығы

ОБЛЫС ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Петропавл паровоз депосының механикалық цехының жұмысшысы О. Корина жолдас күндік тапсырмаларды үнемі ені есе орындап жүр.

СУРЕТТЕ: Механикалық цехтың бригадирі қалалық Советтің депутаты Г. Прудников жолдас Коринаның дайындаған болшектерін тексеріп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

ӨСУ ЖОЛЫНДА

1946 жылы 7 кластық білімі бар Мария Шумакова қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасына тігіншілікке үйренуші болып жұмысқа орналасты. Оқуда зирек Мария жұмыста да жаман атақ алған жоқ. Рас, алғашқы кезде оның ісінде сәтсіздіктер болмай қоймады. Бірақ, еңбекке өте ынталы ол тігіншілік мамандықты күннен-күнге жақсы меңгерді. Бұл үшін оған фабрикадағы тігіншілер бригадирі Клавдия Михайловна көп көмек көрсетті.

Әуелгі кезде шебер тігінші Клавдия Михайловна Марияның қасында жиі болып, оның жұмысындағы кемшіліктерін іс үстінде жоюға көмектесін отырды. Осындай жұмыстағы бір кемшілікті көрсету үстінде ол:

—Мария сен істі асықпай тік, асығу жалғыз сен емес, кай тігінші үшін болсын пайдасыз, —деді ол.— Рас, жолдастарың жұмысты шаппаң істеп, күндік нормаларын дәл, тіпті асыра орындап жатқанда тапсырманы орындамауды өзіңе ұят санайтын да шығарсың. Оның дұрыс. Мен мұны жақсы білем, сол үшін сен асығасың да. Асығу жұмыста ақау жіберудің бірінші себебі.

Қандай киімнің болсын тігісін тым шеткері жіберсең, оның беріктігі де, сәнділігі де болмайды. Бұл бір, екіншіден, киімнің пішуі жақсы болғанмен тігісі келіспесе, ол адамның денесіне де көңілдегідей қона қоймайды. Мен байқап жүрмін, сенің тігін машинаңда сақталған жіп осы кезде жиі үзіліп жүр. Машина жібінің үзіле беруі де жұмысқа көп кедергі милиясы фабриканың көрсеткіш тақтасына жазылды.

* * *

1951 жыл. Мария қаладағы 1 Май кәсіпшілік артеліне өз маманды бойынша жұмысқа ауысты. Іспен де, машина тегімен де Мария жақсы таныс. Бірақ, ол іс жайын жақсы білетіндігіне ғана сенім отырмады, іс машинасын бабында ұстады. Мария артельге кірген алғашқы айлардың өзінен өндірістік тапсырманы асыра орындауға жетісті.

...Үстіміздегі жылдың апрель айында артельдің көпшілік киім тігу цехында тігіншілер бригадасы ұйымдастырылды. Артель басшылары бұл бригаданың бригадирі етіп Мария Шумакованы тағайындады. Сөйтіп, оған бұрынғыдан да күрделі іс жүктелді. Бұрын еңбекте үздік шығып, кезге түскен комсомолка бригада жұмысына бөспшылық ету ісін де тез арада меңгеріп алды. Ол ең алдымен бригада тігіншілері арасында еңбек тәртібін нығайтты. Олардан жұмыстан бірде-бір минут кеш қалмауды, жұмыс сағатының әрбір минутын тиімді пайдалануды, өзара тығыз ынтымақпен іс істеуді талап етіп отырды.

Абройлы іс игілі нәтижесін береді. Мария басқарған бригада —кәзір артельдегі озат бригаданың бірі. Бригада мүшелері жұмысты тез және сапалы істейді. Олардың бәрі де күндік, айлық, өндірістік тапсырмаларын үнемі асыра орындайды. Ал, ондағы Н. Ковалева, Н. Черных жолдастар сияқты тігіншілер смена сайын біржарым-екі нормаға дейін орындап келеді.

ИНДОНЕЗИЯ ПЛАНТАЦИЯСЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ВЕНА, 19 сентябрь. (СОТА). Бүкілдүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы секретариаты 14 сентябрьде Индонезия плантацияларында тұрмыс және еңбек жағдайларын жақсартуды талап етіп, 750 мың жұмысшының ереуіл жасағанын хабарлады.

Ағаш және ауылшаруашылық жұмысшыларының халықаралық бірлестігі (Бүкілдүниежүзілік кәсіподақтар федерациясының өндіріс бөлімі) «Сарбупри» плантациясының жұмысшылары кәсіподағына «экономикалық және әлеуметтік талаптар үшін күресте табысқа жетуге» тілектестік білдірген телеграмма жіберген.

ИНДОНЕЗИЯ ПЛАНТАЦИЯСЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ЕРЕУІЛІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

ПАРИЖ, 19 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Джакартадан берген хабарына қарағанда, Индонезияның қант және кофе плантацияларының 750 мың жұмысшыларының ереуілі кеше аяқталған.

18 сентябрьде кәсіподақ коммюнике жариялады, онда, үкметтің еңбек ақы мәселесін қарауға келіскені, ал арбитраж комиссиясы кәсіпорын иелерінің ереуілшілерге қарсы ешқандай шаралар қолданбайтындығына кепілдік бергені айтылған. Осыларға байланысты, кәсіподақ ереуілді тоқтатуға ұйғарған.

ГРЕК ДЕМОКРАТТАРЫН ҚОРҒАУ БҮКІЛДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӘСІПОДАҚ ТАР ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

СОФИЯ, 19 сентябрь. (СОТА). Болгар телеграф агенттігі, Эллас Пресс агенттігінің хабарына сүйеніп, Бүкілдүниежүзілік кәсіподақ федерациясының секретары Анри Журдэн Грецияның премьер -министрі Папагоска мынадай мазмунда телеграмма жібергенін хабарлайды:

«Баспасөзде жарияланған фактілерге қарағанда, Ион аралдарында жер сілкіну болған кезде Аргостолион және Закинтос түрмелеріндегі патриоттар өмірін хауіпсіздендіру үшін ешқандай шаралар қолданылмаған. Жоғарыда аталған түрменің надзирательдері өздерінің бастықтарының бұйрығы бойынша, тірідей көміліп қалмау үшін камералардан шығуға тырысқан тұтқындарға оқ жаудырған. Тұтқындардың көпшілігі ауыр жараланған. Бұл адамдар ендігі өлген де болар.

Бүкілдүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы өзінің 80 миллион мүшелері атынан бұл қылмысқа қатты ашынғандықпен наразылық білдіреді».

Бүкіл дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы, делінген телеграммада, түрмелердегі барлық жұмысшылар мен демократтардың тоқтаусыз босатылуын, аурулар мен жаралылардың азаматтық ауруханаларға орналастырылуын және оларға, өздерінің жақындарының қатнасуымен, дәрігерлік көмек берілуіне кепілдік беруді талап етеді.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА СОҒЫС

бидай ұшырындысы мал базаларына тасылып алынды. Мұның бәрі қыста малды жемшөппен қамтамасыз етеді.

Совхоздың барлық бөлімшесіндегі жөндеуден өткізілуге тиіс мал қоралары түгелімен жөнделді. Жаңадан 500 қойлық бір қора мен бір шошқа қорасы салынды.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының

де аз қолданылып келді. Мұның өзі етін өнімін арттыруға кері әсер еткендігін жасырмауымыз керек. Егінмен мол өнім алуды көздеп, біз келесі жылы 3 мың гектар дәнді дақылдарды тарқатарлы әдіспен себеміз. 1000 гектар жаздық бидайды яровизацияланған тұқыммен себеміз. Мұның өзі осы участоктердің әрбір гектарынан 16—17 центнер өнім алуымызды

озаттарының тәжрибелерін өндіріске кеңінен енгізе отырып, СОКП Орталық Комитетінің социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі шақыруына жаңа табысқа жете берумен жауап береді.

М. СОЛОНИН,

Сәвет ауданы, Қыялы совхозының директоры.

КОЛХОЗДЫ АУЫЛ ОЗАТТАРЫ

Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) мүшелері Пленум қаулысымен жігерлене отырып, згін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында зор қажырлылықпен еңбек етуде.

Колхоздың еңбек даласында, әсресе,

шоферлар Ж. Қасмақасов, М. Бейсенбаев, Н. Даулетов жолдастар үлгілі еңбек істеп жүр. Олар мемлекет дайындау орындарына 6 мың центнерден астам астық жеткізді.

Астық тазалаушы А. Нұртаева, Р. Жүсыпова, Б. Мақанова, Н. Жиенбаева-

жолдастар да социалистік жарыста алда келеді. Олар күнделік тапсырманы 110—115 проценттен кем орындап көрген жоқ.

Р. ЕЛЕУСІЗОВ,

Колхоз бастауыш партия ұйымының секретары.

ті. Бұл жұмыс уақытын босқа өткізеді. Бұлай тігілген киімде ақау да кетеді. Өйткені, іс үстінде жіп жиі-жиі үзілсе, киімнің тігісі өте нашар болып шығады. Сондықтан жіп үзілмес үшін инені ұзынырақ ет'п сабақтаған жөн.

Мария тәжрибелі тігіншінің бұл айтқан ақылын есінен шығармады. Ол жалғыз Клава Михайлованың айтқандарын орындап қана қойған жоқ. Мария өз бетімен де көп оқып, көп іздеді. Көп нәрсені жолдастарынан үйреніп, білді. Осындай адал еңбек өзінің игілі нәтижесін берді де.

Мария алғашқы бір-екі айдың ішінде-ақ тігін машинасының тетігін толық меңгеріп алды. Көп ұзамай күндік норманы үнемі 150 процент және одан да артық орындаушылардың қатарында оның фа-

Соңғы тоқсанда электр қуатының болмауынан артель 20 күндей жұмыс істемеді. Бригада мүшелері бұған қарамай, тоқсандық жоспарды 129 процент етіп артытымен орындады. Сөйтіп, жоспардан тыс мыңдаған сомның өнімін шығарды. Сол сияқты, жартыжылдық жоспарды да бригада аброймен орындап шықты. Бұл күндері бригада мүшелері еңбек өнімділігін бұрынғыдан да еселеп арттырып, киімді әрі тез, әрі сапалы етіп тігуде. Бұл бригада тігіншілерінің ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларына берген жауабы.

С. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

Қаланың тамақтандыру орындарында

1. ҮЛГІЛІ АСХАНАДА

Түскі үзіліс болғандықтан хабарлаған гудок даусы басыла бере Киров атындағы завод жұмысшыларының бір тобы № 1 асханаға қарай бет алды.

Дабырласа сөйлесіп, асхана залына кірген оларды мұнтаздай таза киініп, алдарына ақ алжапқыш тартқан 4—5 официанткалар қарсы алды.

— Қош келдіңіздер!

Официанткалардың жайдары жүздері мен кішіпейіл мінездері жұмысшыларды өздеріне тартып алды. Әлгінде ғана бос тұрған столдар үсті буы бұрқыраған түрлі тамақтарға толды...

№ 1 асхана қаладағы үлгілі асханалардың бірі. Мұнда еңбекшілердің жақсылап тамақтануына, көңілді дем алуына барлық жағдайлар жасалған. Бұл асханада тамақ пісіруші болып Дария Федоровна Барышникова жолдас істейді. Үлгілі істі үшін оның бригадасына 1949 жылы «тамақты сапалы дайындайтын бригада» атағы берілген болатын. Бригада мүшелері бұл атаққа тоғыз жылдан бері ие болып келеді. Сондықтан да асхананың «шағым және ұсыныстар кітапшасынан» Дария Федоровнаға алғыс айтқан, риза болған сөздерді көп оқуға болады.

Асхана коллективі еңбекшілер тілегін мұқтәсіз қанағаттандыруды өздерінің бірінші міндеті етіп қойған.

— Мен асханаға тамақтану үшін келген жұмысшылардың өздерінің үйінде отырғанындай сезінуі жағдайын қарастырамын, —дейді официантка Зоя Телятникова.

Залдың, столдардың, ыдыс- аяқтардың таза болуы, тамақтың дәмділігі, асхана коллективінің, әсресе, официанткалардың еңбекшілерге үлгілі қызмет етуі, — міне осының бәрі, бұл асхана коллективі жұмысына тән нәрселер.

— Кәзір біздің асхананың тамақ ассортименттері бұрынғыдан әлде қайда көбейді. Онымен бірге, асханадан тамақтанушылар саны да артты. Сондықтан ендігі жерде біздің еңбекшілер тілегін қанағаттандыру жолындағы міндеттеріміз де өсті. Біз бұл міндетті аброймен орындайтын боламыз, —дейді асхана директоры Кольченко жолдас.

2. «ФАМИЛИЯҢЫЗДЫ ДҰРЫСТАП ЖАЗЫҢЫЗ»

—Маған тұздаған балық берініздші?—

— Ол жоқ.

— Онда колбасадан жасалған бутерброд берініз?

— Ол да жоқ.

—Ендеше капуста салған самса болса?

—Ол да жоқ.

— Жоқ тамақтарды неге менюге бар деп жазғансыздар?

—Онда менің жұмысым жоқ.

Бұл № 8 асхананың официанткасы Савельева мен «Комсомолка» тігін фабрикасы тігіншісінің арасында болған әңгімеден үзінді. Ал, мұндай әңгімелер мұнда күн сайын болып тұрады. Өйткені, менюге асханадағы нақтылы бар тамақтар емес, әлі дайындалмаған тамақтар жазылады. Сол сияқты, мұнда менюдегі жазылған тамақтардың нақтылы болуы қарастырылмайды.

Ең алдымен, асхана коллективі арасында еңбек тәртібі нашар. Тамақ пісіруші мен официанткалардың, не болмаса буфет сатушысының жұмысқа кешігіп келуі сияқты фактілер мұнда жиі кездеседі. Сондықтан асханада нақ ашылар уақытта ыстық тамақтар дайын болмайды.

Бұл асханадан тамақтанушылардың көпшілігі «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншілері. Бірақ, олардың бірде-бірі жұмысқа барар алдында бұл асханадан ыстық тамақ іше алған емес.

Асхана залы ылас. Мұнда асханаға дайықты медициналық -санитариялық ережелер орындалмайды. Дайындалған тамақтардың сапалылығын күн сайын байқап отыру мұнда мүлде естен шығарылған.

Бұл асхана жұмысының бұлайша нашар болуының сыры неде? Басты мәселе, ең алдымен, асхана директоры Сизикова жолдастың өз жұмысына жауапсыз қарауында деуіміз керек. Ол асхана қызметкерлерінің жұмысқа мәзгілінде келуін, олардың еңбекшілер мұқтажын толық қанағаттандыруын бақыламайды. Тіпті, официанткалардың өздері күнделік тапсырмаларының мөлшерін де білмейді.

Қоғамдық тамақтану орындарында «Шағым және ұсыныстар кітапшасының» алатын орны ерекше. Бірақ, Сизикова жолдас бұл маңызды мәселеге мән бермей жүр. Өткен бір айдың ішінде бұл асхананың кітапшасына ас пісірушінің, официанткалардың, буфет сатушысының, сол сияқты, директор Сизикованың өзінің кейбір өрескел, жарасымсыз мінездері мен қылықтары баяндалған 20-дан астам арыздар жазылған. Сизикова жолдас осы арыздардың жартысынан астамына «фамилияңызды дұрыстап жазбапсыз» деп жауап қайтарған. Ал, асханада таңертеңгі уақытта ыстық тамақтардың болмау себебін сұрап, бұл жөнсіздіктің енді қайталанбауын өтінген арызға (бұл мазмұнды арыз үш рет жазылған) Сизикова «Мен жауап қайтарарлық орын қалдырмапсыз» деп жауап берген. Бұдан артық дөрекілік, төрешілдік, бола ма? Ал, 19 августан бастап жазылған арыздарға ешқандай жауап та қайтарылмаған.

3. ӨЗ ҚАМЫН ҒАНА ОЙЛАУШЫЛАР ОТЫРҒАН ЖЕРДЕ

Қаладағы № 6 асханадан тамақ ішушілер ешқашан да өз көңілдеріндегідей тамақтана алған емес. Өйткені, мұнда пісірілетін тамақтың сапасы өте төмен. Оған мысал ретінде мына бір фактіні айтып өтудің өзі-ақ жеткілікті. 5 сентябрь күні осы асханадан тамақтанатын завод жұмысшыларына екінші тамақ есебіне еттен жасалған гуляш берілді. Бірақ, гуляштің сапасыз болуы және оған салынған еттердің иістене бастауы себепті жұмысшылар өздеріне басқа тамақтың берілуін сұраған. Бұдан кейінгі ауыстырылып берілген котлеттер де өте сапасыз болды. Өйткені, ет комбинатынан алынған бұл котлеттер калькуляция бойынша майға пісірілуге тиісті еді. Бірақ, өз қамын ойлаған ас пісіруші Захарова әрбір котлетке тиісілі 6 грамм майды өзіне алып қалып, котлеттерді тек ет сорпасына пісірген. Сол сияқты, мұнда жасалатын пісочниктер де өте сапасыз. Өйткені, асхананың ас пісірушілері оны сары майға пісіру орнына, өсімдік майын пісіреді.

Бұл асхананың қоймасында тамақ түрлерін көбейтуге жеткілікті азықтар бар. Әсресе, қоймада он күннен бері жатқан овощтар пайдаланылмай отыр. Сол сияқты, қуймақ, пирожки, кофе, какао және басқа көптеген тамақтар жасауға арналған азықтар ешбір пайдаланусыз жатыр.

Бұл асханада завод жұмысшыларымен бірге № 40 фабрика- завод училищесінің жүзден астам оқушылары тамақтанады. Бірақ, бұлардың ойдағыдай тамақтануына ешқандай жағдай жасалмаған. Оқушыларға арналған тамақтардың түрлері өзгермейді, овощтан тамақ дайындалмайды.

Нақ осы сияқты төзгісіз кемшілік «Прогресс» артелінің № 1 асханасында да орын алған. Мұнда дайындалған тамақтардың сапасы өте төмен. Сол сияқты, тамақтарға калькуляция бойынша тиісті май және ет азықтары толық салынбайды. Бұған асхананың ас пісірушісі Медведеваның екінші тамақтарға арналған капустаны май орнына суға қуыруы толық дәлел бола алады.

Асхана тамақтарының сапалы және олардың түрлерінің көп болуы — еңбекшілер қажетін мұлтіксіз өтеу міндеттерінің бастыларының бірі. Бірақ, № 6 (директоры Степанов жолдас), «Прогресс» артелінің № 1 асханаларының (директоры Сергутина жолдас) басшылары ашық-ауыздылыққа салынып, асхана ас пісірушілерінің қылмысты істеріне жол беріп отыр.

4. ЕҢБЕКШІЛЕРДІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАМТУ— АСХАНА ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Еңбекшілерді мәдениетті қамту —асхана қызметшілерінің басты міндеті. Қаланың тамақтандыру орындарында өз жұмыстарын еңбекшілердің өскелең талаптары дәрежесінде жүргізіп отырған асхана басшылары мен қызметшілері аз емес. Мұндай үлгілердің қатарында № 3 асхананың директоры Кольченко, осы асхананың официанткалары Шулакова, Телятникова, № 1 асхананың официанткасы Нина Попова жолдастардың аттарын атауға болады.

Алайда, еңбекшілерді мәдениетті қамту барлық асханаларда өз дәрежесінде деп айту дұрыс болмас еді. Еңбекшілер тілегін қанағаттандырмайтын кейбір асханалардың қызметкерлері де жоқ емес. Мысал үшін № 5 асханада болған мына бір фактіні айтып кетейік. Официантка Иванованың одағай мінездерін айтып арыз жазу үшін асханада тамақтанушылар «Шағым және ұсыныстар кітапшасын» сұраған. Бірақ, Иванова кітапты беруден және өзінің аты-жөнін айтудан бас тартқан. Ал, буфет сатушысы кітапты алғашқы талап етікенде берудің орнына «сендердің әркімді жамандаудан басқа бітіретіндерің жоқ» деген сөздермен кітапшаны сұраушыларды жәбірлеген.

5. БҰЛ ҰСАҚ-ТҮЙЕК ЕМЕС

Қалалық ресторан және асханалар тресінің басшылары бұл сияқты қаланың тамақтандыру орындарындағы төзгісіз кемшіліктерді «ұсақ- түйек» деп есептейтін көрінеді. Олар үшін ең басты мәселе асханалар мен ресторандардың айлық жоспарды орындап отыруы ғана сияқты.

Ресторан және асханалар тресі басшыларының қағазбастылыққа салынып, формальді басшылық жасап, көптеген тамақтандыру орындарында өрескел кемшіліктерге жол беруі, олардың халықтың өскелең талаптарына сай жұмыс істей алмай отырғандығын дәлелдейді.

Ал, қалалық сауда бөлімінің басшылары тамақтандыру орындарының жұмыстарына бақылау жасап отыруды мүлде естен шығарған.

Көпшілік тамақтандыру орындары — еңбекшілер қажетін өтейтін орындардың бірі. Сондықтан да олардың жұмыстарындағы кемшіліктерге немқұрайлы қарау еңбекшілер мүдделеріне тікелей нұқсан келтіргендік болып табылады. Енді ті жерде, қаланың тамақтандыру орындарындағы кемшіліктерді ашып, оларды жоюдың нақтылы шараларын белгілеу қалалық партия, совет және кәсіподақ ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті болуға тиіс.

ОВЧИННИКОВА,

ҚКП Петропавл қалалық комитетінің нұсқаушысы.

Т. КӘКІМОВ,

«Ленин туы» газетінің қызметкері.

ҚЫЛМЫСТЫЛАРЫНЫҢ БОСАТЫЛУЫ

БЕРЛИН, 19 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігі Боннан мынаны хабарлайды: Батыс мемлекеттердің жоғары комиссарлары 16 сентябрьде Бонн үкметінің ресми органы «Бундесанцейгерде» кәзіргі уақытта Ландсбергте, Верльде және Виттлихте түрмеде жатқан барлық соғыс қылмыстыларын (450 шамалы адам) тоқтаусыз босатуға себеп жасау мақсатымен үш бұйрық жариялаған.

Бұйрықта, әсресе, Батыс Германияның оккупацияланған үш аймағында оккупациялаушы үш мемлекеттермен Аденауэр үкметінің өкілдерінен ерекше «кешірім беру комитеті» құрылатындығы атап көрсетілген. «Кешірім беру комитеті» соғыс қылмыстыларының қайсысын болса да босатуға ұсыныс жасауға праволы.

18 сентябрьде Верль түрмесінен «кешірім» бойынша соғыс қылмыстысы Бруно Мюллер босатылған. Мюллерді 1947 жылы Гамбургте ағылшын әскери соты 20 жыл түрмеге отыру жазасына кескен еді. Ол одақтас мемлекеттердің әскери қызметкерлерін өлтіруге қатнасқан болатын.

ЧИЛИДЕГІ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

БУЭНОС- АЙРЕС, 20 сентябрь. (СОТА). Чилидің «Эль-Сигло» газетінің хабарына қарағанда, американдық «Англо Лаутаро» компаниясына кіретін, Чилидің селитра кәсіпорындарындағы ереуіл әлі созылуда. Ереуілге 12 мыңнан астам жұмысшылар мен қызметкерлер қатынасқан.

Чилидің көптеген кәсіпорындарында «Англо Лаутаро» компаниясының жұмысшыларға қарсы шараларына қарсылық білдіру митингілері өтуде. Еңбекшілер бұл компанияның ұлттық меншікке алынуын талап етеді.

ИРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 20 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, 18 сентябрьде Туде партиясының жүзге жуық мүшелері Персия бұғазындағы аралға және ауарайы денсаулыққа зиянды Бентер-Аббас ауданына жөнелтілген.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖЕКПЕ -ЖЕК»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86. редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02015.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің Жоғарғы баспасының № 18 баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.